



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

кемшіліктің де орнын толтырған. Ол Марғаудың айтқысы келген ой – пікірін өз сөзімен жеткізіп отырады. *«Көңілін әке қайғысына алдырған Қанат оқыс бұрылып, итке қарады. Марғау тұмсығын жерге төсеп, көз қиығын ағалы інілі екеуіне кезек қадап, сұлық жатыр екен. Қантаттың көзмен көз түйіскенде ақырын қыңсылап белгі берді: «Көзімді ашқан күннен бері мен сендерге адал қызмет етіп келем ғой. Жеті күн бойы сен келер деп, не болмаса әкеңнің өзі келер деп тығылып жатып ем. Мына жарымжан күйімді көрмейсің бе, қалдырып кете көрмеңдер!» - деп жатқан секілденді жігітке. ...Әңгіме негізін ағайынды екеудің бет – әлпетінен аңғарған Марғау Қанатқа тура қарап үре бастады. «Алып кетпесең, қайтейін, тағдырдың салғанын көремін де. Алдыңнан жарылқасын!» - деген сияқты болып естілді Қанатқа» [3.151].*

*«Марғаудың мазасы жоқ. Шарбақты айнала шауып қойларға қарап үрумен болды: айыр қалпақтың сөзіне сенбе. Біздің отардың қойларын міне, мен иісінен танып тұрмын, көзінен танып тұрмын. – Соны растағандай үріккен қой арасынан бірер саулық көзін таңырқай қадап, Марғауға жақындай бастады» [3.121].*

«Ит ашуы» - қаламгердің иттің дара тұлғасын шебер сомдаған көрнекті туындысы. Шығармадағы ит образы мінсіз тип, себебі ол сырт сымбаты мен ішкі мінез-құлығы біткен көркем бейне. Жаратылысы өзгеше Марғау да үйінен алыстап, көңілдегі ренішін де өзімен бірге ала кетіп, адамдардан енді пайда жоқ екендігін ұғып, «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» дегендей басы ауған жаққа кете барады. Ақыры өскен ортасынан, ыстық мекенінен опа таппасын түсінеді. Сөйтіп артына қайырылып қарамастан кете барады.

Әдеби туынды - адам танымының жемісі. Әдебиет те басқа өнер түрі секілді қоғамдық өмірдің барша қырларын қамтиды. Көркем шығарма - әр қаламгердің өзінше қалыптастырған көркем әлемі. Әдеби шығармада суреттелетін оқиға шындық өмірдің көркем көрінісі екендігі белгілі. Автор иттің әрекеті арқылы өмірдегі, адамдар арасындағы күрделі де қайшылықты оқиғалардан хабар береді.

#### **Қолданылған әдебиет:**

1. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: Монография. – Алматы: Атамұра, 2003.
2. Шаймерденов С. Шығармалары, 2 – том. Алматы: Ан – Арыс, 2013.

ОӘК: 821.512.122-3.09

#### **Т.ӘБДІКОВТЫҢ «ПАРАСАТ МАЙДАНЫ» ПОВЕСІНДЕГІ ПОСТМОДЕРНИЗМ ҚҰБЫЛЫСЫ**

**Тлеу Гульжаннат Канатжанкызы**

[t.gul05@mail.ru](mailto:t.gul05@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті, филология: қазақ тілі  
мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Серғазы Лилия

XX ғасырдың екінші жартысында модернизм ағымынан кейін пайда болған ірі құбылыс – постмодернизм. Ол – қазіргі әдебиеттің басты ағымы. Белгілі мәдениеттанушы Әуезхан Қодар: «Қазіргі жаһандану заманында барлық ықпалдардан ада жергілікті мәдениет беймүмкін. Әмбебап нарықтық, бүкіл өркениеттік байланыстар қалай дамыса, мәдениеттердің араласып, бір-біріне кірігуі де сонша дамыған. Жалпы, біздің дәуіріміз шектен тыс ақпараттануымен әйгілі. Міне, постмодернизм дегеніміз осы шектен тыс ақпараттанған адамзаттың мәдениеті. Қазіргі кезде постмодернизм мәдениетін мойындамауға болмайды дей отырып, постмодернизм дегеніміз не, ол біздің ұлттық мәдениетімізге қандай пайда әкеледі? деген сауалдарға постмодернизм ұлттық мәдениетке өте пайдалы нәрсе. Өйткені, қазіргі адамзат мәдениетіндегі аса өзекті бұл ағым орталықты,

өзін бәрінен де биікпін деп санайтын абсолютті мойындамайды»[1,1],- дейді.

Қазіргі қазақ әдебиетінде постмодернизм ағымын ұстанған жазушылардың бірі Т.Әбдіков екені сөзсіз. Төлен Әбдіковтің шығармашылығына тоқтала отырып, оның «Парасат майданы» повесін жаңа бағытта жазылған, адамның қостұлғалығы туралы үлкен философиялық ой толғаған туынды ретіне қарастыруға болады.

Жазушы бұл шығармада кейіпкердің жан-күйзелісін, қоғамның келешегі туралы мазасыз ойларын, адам қасиеттерінің жақсы мен жаман әр түрлі қырларын суреттейді. Сонымен қатар, жазушы осы романның сюжеті арқылы қоғамдағы болып жатқан келеңсіз жағдайларға, адамдардың жағымсыз мінезіне қалай жауап қайтару керектігі жөнінде кейіпкер арқылы өз ойын білдіреді. Амангелді Кеңшілікұлы: «Парасат майданы» көркем шығарма ғана емес — жазушының адамзат баласына айтқан ескерту-аманаты. Философиялық туынды. Бұл повестінде басқа шығармаларымен салыстырғанда жазушының жанын кемірген ой-толғаныстары, үміті мен күдігі, ар азабын кешкен шақтағы уайымы, қоғамның келешегін ойлаған мазасыз қайғысы, жүрегін жаншыған ауыр сезімі бояуы қанық, айшығы анағұрлым анық етіп суреттелген»,- дейді.

Повесте шығарманың бас кейіпкері ауруханада жатып, қоғамда болып жатқан келеңсіз жәйттарға күйзеліп, ішкі сырын, ойын қағазға түсіріп, күнделік жүргізе бастайды. Оның күнделігін рұқсатсыз оқыған бейтаныс адам оған хат жазады. Хатта бейтаныс адам күнделік иесінің ойына қарсы шығады. Оның жақсылық пен жамандықтың құны бірдей, өмірді зұлымдықсыз елестету мүмкін емес деген пікірлері бас кейіпкерді терең ойға салады. Тіпті кейіпкер оған жауап қайтарып, кездесуге шақырады. Кездесуге келмеген бейтанысты аурухана ішінен іздеп, роман соңында бейтаныстың «өзі» екені анықталады. Яғни, кейіпкер психологиялық емделмес ауруға ұшырап, бір күні «шынайы өзі» болса, бірнеше күннен кейін «басқа адам» болып шыға келеді. Осылай ішкі монолог арқылы өрбіген екі қарама-қарсы ойдан құралған шығармадан қостұлғалықты аңғаруға болады. Міне, бұдан көретініміз қазіргі кездегі постмодернистік бағыттағы тақырыптардың бірі – адамның екіге бөлінуі.

Жоғарыда айтып кеткендей, шығарма ішкі монолог түрінде жазылып, кейіпкер алдымен өмірге деген көзқарасын, ішкі сырын күнделік бетіне түсіріп, өмірден түңілген адам секілді қоғам туралы келеңсіз ойларынан сыр шертеді. Оны мына үзіндіден байқай аламыз:

*«Баспасөз беттерінде жарияланып жүрген неше түрлі хабарлардан әлдебір жан түршігерлік рухани күйреудің нышандары сезіледі. Газет оқудан қалдым. Бетің аишаң болды, не бір сұмдық оқиғалар тасқыны сені жаңқа құрлы көрмей ала жөнеледі...Мен бұзылған бірдеңе жеп қойған адамдай лоқсудамын...»* -[2;8], дейді кейіпкер. Бұл ойын мынадай мысал арқылы жеткізеді:

*«Көне ертегі - аңыздарында адамдарға қатер төндіріп, мезгіл-мезгіл құрбандық тілеп тұратын айдаһар болады. Адамдар басқа лажы болмаған соң, іштерінен бір сұлу қызды жемге беріп, қалғаны амандыққа риза болар еді. Осындай бір лажы жоқ мейірімсіз күш бүкіл әлемді тұқыртып, еңсесін көтертпей, көзін аштырмай... әлгі айдаһар секілді өзіне керек құрбандығын алып отырғанға ұқсайды. Ол аз болғандай әлгі айдаһар енді сенен бүкіл адами қасиеттеріңді құрбандыққа сұрайды.»* -[2;8] дейді

Бұдан кейіпкердің өмірге деген жағымсыз көзқарасын, «өмірді тек жамандық пен зұлымдық жаулап алды» деген ойын көруге болады. Жазушы кейіпкердің өмірге деген ойын көне ертедегі мысалдан алып көрсетеді. Өмірден түңіліп, өмірдің қызығынан айырылған ойлары арқылы осылай күн кешеді.

Бір күні осы қаһарманның ойына бейтаныс құрбы хат жазып, қарсы пікір айтып былай дейді:

*«Менің ойымша, адам өмірі – жақсылық пен жамандықтың мәңгілік қақтығысы деген қалыптасқан тұжырым әлі де ойлануды қажет етеді... Жақсы мен жаманның достығы немесе жақсының екінші жақсыны жек көруі өмірде аз ба? Сондықтан өмір – ізгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың қақтығысы ғана емес, ізгілік пен ізгіліктің де, жамандық пен жамандықтың да қақтығысы...Ендеше ізгілік пен қиянатты осынша алалап, бір-бірінен бөлудің қажеті болар ма екен. Осыны бір ойланып көріңізші!»* -[2;11],- дейді.

Және де бұл ойын «Ин мен Ян» күші арқылы мынадай бір керемет мысалмен жеткізеді:

*«Айталық, өзен суы – тіршілік көзі. Бақша өсіріп, жайылым жасап, егістікті суару үшін, адамдар тоған жасап, бөгет тұрғызып су жинайды. Игілікке жұмсалатын бұл су – ырыс немесе қайырымды күш – «Ян». Бірақ осы су көктемде өзен қатты тасығанда үйлерді ағызып, малдарды мамыта қылып... өзінің шырқау шыңынан кетіп апатқа – қайырымсыз күш – «Инь»-ге ауысады. Одан кейін бірте-бірте сабасына түсіп, қайтадан адам игілігіне қызмет ететін қайырымды күшке айналады. Бірақ оның да өмірі ұзақ емес. Келесі көктемде қайырымды «Ян» тағы да қайырымсыз «Инь»-ге ауысады. Осылай кете береді. Негізі – су. Бір-ақ нәрсе.»* -[2;11] , - дейді.

Әрине де осы бейтаныс құрбының пікіріне қосылатынымыз анық. Себебі, шынында да өмір жамандық пен жақсылықтан тұрады емеспе?! Егер өмірдің тек зұлым, жағымсыз жақтарына үңіле берсек өміріміз не болмақ?! Алайда адам жаман қасиеттерден арылып, ізгілікке әрдайым талпынуы керектігі сөзсіз.

Сонымен қатар, бұл үзіндіде жазушының жан-жақтылығын көруге болады. Бұл жерде қаламгердің қытай филозофиясындағы «Инь мен Ян» күштері арқылы беруі жазушының басқа қаламгерлерден өзгешелігін, ерекше ой өрісін көрсетеді. Оқырманға мысалдарын көне мифология, қытай философиясы және т.б сияқты философиялық ойлар арқылы беріп, оқырманның көзқарасын кеңейтіп, ой өрісін арттыра түседі.

Бас қаһарман келген хатты оқып, бірнеше күн бойы бейтаныс құрбысының жазған ойларынан шыға алмай, жауап жазуға бекінеді. Хатында тағы да өзінің бұрынғы ойынан таймай, өзінің пікірінің дұрыстығын растағысы келіп:

*«Сіз маған ізгілікке қалай сенсеңіз, зұлымдыққа да дәл солай сеніңіз депсіз. Құрбым-ау, олардың өмірде бар екенін мойындау сенім емес қой. Сенім деген сол екеуінің біреуінің адам үшін қымбат екенін, артық екенін мойындау... Сіз тағы да ештеңеге «жақсы», «жаман» деп айдар тағуға болмайды депсіз. Адам баласының хайуан әлемдерінен жоғары тұруы әлгі «жақсы» мен «жаман» айыра алатын парасатының арқасында ғана емес пе?... «Қиянат жасаудың мың түрі бар, ал қиянат жасамаудың түрі біреу-ақ, ол – тек қиянат жасамау». Сондықтан қолыңнан келсе, жасайтыныңды ізгілікке жаса. Ал зұлымдық сенің әлпештеуіңді қажет те қылмайды.»* -[2;23], - депті.

Кейіпкер бұл жерде өз ойын мысал арқылы емес, бір ғана афоризммен жеткізгендей. Бұл афоризм – **«Қиянат жасаудың мың түрі бар, ал қиянат жасамаудың түрі біреу-ақ, ол – тек қиянат жасамау»**. Сондықтан қолыңнан келсе, жасайтыныңды ізгілікке жаса. Ал зұлымдық сенің әлпештеуіңді қажет те қылмайды.» -[2;23], - дейді.

Бұл жерден жазушы кейіпкердің пікірін тек көне ертедегі немесе қытай философиясындағы мысалмен ғана емес, сонымен бірге афоризм арқылы да жеткізгенін көре аламыз. Бұл қаламгердің тілі бай екеніндігін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл шығармада мынадай авторлық афоризмдерді де кездестіруге болады:

1. «Сен жақсылықты жамандықтан жасауың керек, өйткені оны жасатйын басқа ештеңе жоқ» (2;5) Роберт Пенн Уоренн

2. «Жер бетінде бақытсыздықтан басқа толық жүзеге асатын ештеңе жоқ» (2;9) Бальзак

3. «Гегель, Дарвин, Ницше – мінеки, миллиондаған адамдардың өліміне себеп болған кім десендер, осылар. Сөз қылмысы ксі өлтіргеннен де ауыр, айтылған ойдың зардабын ерлер мен тобырлар көтереді». (2;20) Готфрид Бенн

4. «Сенім жоқ жерде –ізгілік те жоқ» (2;22) Достоевский

5. «Жаман деп жүргенімізді жақсы деуге батылымыз жеткен күні біздің өмірімізде ұлы кезеңдер басталады». (2;26) Ф.Ницше

6. «Сенің патшалардан айырмашылығың не?» деген сұраққа данышпан Сократ: «Олар өз бойларындағы құмарлықтың құлдары, ал мен сол сезімдердің патшасымын», - депті. (2;29) Сократ

7. «Адамдар ең көп азапты қарапайым ақиқатты елемегеннен шегеді». (2;30) Ф.Ницше

8. «Бостандық деген не? – Ар ұяттың тазалығы» (2;30) Периандр Коринфский
9. «Өмір дегенің қашан да – кемеңнің апаты» (2;40) Х.Ортеге-и-Гассет
10. «Адам өмірі Бодлердің бір жолына да татымайды» (2;43) Акутагава Рюнеска
11. «Күнәкармен емес, күнәнің өзімен күресу керек» (2;45) М.Ганди
12. «Мейлі, ақтай беріңдер, мейлі, жазаламай-ақ қойыңдар, бірақ зұлымдықты

зұлымдық деп өзінің атымен атаңдаршы». (2;45) Федор Достоевский

Бұл авторлық афоризмдерді жазушы көбінесе шетелдің ойшыл ғалымдарынан алған.

Міне, осылай бас кейіпкердің бейтаныс құрбысына алғаш рет жауап ретінде хат жазуынан бастап ішкі ойлардың қақтығысы, нағыз парасат майданы басталады.

Бейтаныс құрбы өзінің пікірін дәлелдеп нақтылағысы келгендей, өмірде тек жақсылық бола берсе, бұл өмір емес, өмір жақсылық пен жамандықтан тұрады. Біз сол жақсылықты да жамандықтың да дәмін татуымыз керек дей келіп, мынадай мысал келтіреді:

*«Болмыс ұшы қиыры жоқ базар секілді әркім сол базардан өзіне керегін ғана алады. Қалыптасқан көзқарас бойынша, керек емес заттың керегі жоқ. Бірақ сіз керек емес затты алып көріңізші. Барлық қызық содан басталады. Бұл – қалыптасқан дағдыны бұзу, жаңалыққа құштарлық. Тіршілік – жаңашыл танымның арқасында ғана дамимынына дауыңыз жоқ шығар.»* -[2;25 ]-, дейді.

Бір қызығы бас кейіпкер де, бейтаныс құрбы да өз ойларынан айнымай, өз пікірінің дұрыс екендігін дәлелдегісі келеді. Бұл жерде екі кейіпкердің де эгоизмдігі басым екенің аңғара аламыз. Осы «менменшілдіктің» нәтижесінде қаһарман өлім аузына барады емес пе?!

Осылай бір-бірінің пікіріне қарсы шыққан екі ойдың парасат майданында бас қаһарман жан тәсілім қылады.

Шығармада жазушы адамның екіге бөлінуін жақсы мен жаман қасиеттері арқылы көрсетіп, әр қасиетті мысал арқылы жеткізеді. Бұл туындыдағы постмодернизмдік бағыт адамның қостұлғалығы арқылы оқырманға қандай жақты таңдау керектігін көрсеткісі келгендей. Яғни, егер адам өмірді тек жаман жақтарымен, зұлымдықтарымен көрсе, адам өзінің қоршаған ортасымен де қарым-қатынасы дәл сондай болмақ. Бұл шығармадағы кейіпкердің шынайы «өзі» өмірден түңілгендігі сонша, айналасындағы адамдармен сөйлесуден қалып, тіпті достық қарым-қатынастың не екендігін ұмытқандай. Ал, кейіпкер бірнеше күннен кейін «басқа адамға» ауысқан кезде, өмірді жақсы көріп, адамдармен әңгімеге құштар болады. Себебі, кейіпкер «басқа адамға» айналған кезде, хаттарында «жақсылық пен зұлымдықты» бірдей көретінін, алайда, өмірде жақсы нәрселер көп-ақ, тек соны көре білу керек екенін түсіндіреді. Мұны туындыдағы дәрігер рөліндегі кейіпкердің сөзімен растауға болады:

*« - Сіз әр үш күн сайын, кейде төрт күн салып, таңертең басқа бір адам болып... яғни бейтаныс құрбы болып оянасыз. Құрбыңыз мына сізге қарағанда ашық, жайдары, бейімделгіштеу екен»* , - дейді. Бұл жерде жазушы оқырманға психологиялық көз қарасты талап етеді. Әдебиеттанушы ғалым Ж.Жарылғапов «Постмодернизм қандай құбылыс» атты мақаласында «постмодернист кім?», «қазақ әдебиетінде постмодернизм бар ма?» деген сұрақтарды ашық қойып, осының төңірегінде салмақты теориялық толғамдар мен өткір пікірталастар болғанын қалайтынын айтады. Сондай-ақ осы мақаласында постмодернизм құбылысының ерекшеліктерін көрсете келе, «қазақ прозасындағы модернистік эстетиканы постмодернистік танымға әкеп жалғаған екі жазушының орны бөлек. Олар – Асқар Сүлейменов пен Төлен Әбдіков», – дейді ғалым ағамыз [4;1], - деген сөзін ескере отырып, Т.Әбдіковтың «Парасат майданы» романының астарында терең ойлар қамтылған, жұмбақ мәтіндердің жиынтығы дей аламыз. Осы жұмбақ арқылы жеткізгісі келген ойын әдебиеттің постмодернизм бағыты арқылы ашық әрі шынайы жеткізеді.

Шығармада қаламгердің тілі бай, молдығын көркем шығарманың троп түрлері – эпитет, теңеу, метафора сияқты бейнелеуіш сөздердің көп қолданғанынан аңғаруға болады. Шығармадағы кейбір көркемдеуіш сөздерге мынадай мысал келтіруге болады:

Теңеу: «жау тылында жүрген *барлаушыдай*», «інінен өзі шошыған *тышқандай*», «тұзаққа іліккен *аңдай* сілейдім», «жеңілтек *жолбасшыдай*», «жүйке тамырымның тартылған

*сымдай», «тоғанды бұзған дария суындай», «жел диірменінен соғысқан әумесердей».*

Эпитет: «толассыз үн», «соқыр үрей», «беймарал көнгіштік», «қитұрқы пікір», «рухани соқырлық», «сұм өмір», «ылғалды көктем», «аласұрып серік», «қия тербеген музыка», «тентек сезім», «зұлымдық гүлдері», «кесапат бейтаныс», жанпида ерлік» т.б. эпитеттер кездеседі.

Қорыта келгенде, қазіргі кездегі постмодернистік бағытта жазылған шығармалардың негізгі тақырыптары – адамның қостұлғалығы, адам санасының екіге бөлінуі. Сондай-ақ мұндай шығармалардағы бас қаһарманның екі жағы көрсетіліп, яғни, егер кейіпкер «жақсы» жақта болса қандай көрініс болар еді, ал «жаман» жағында қандай сипат берер еді деген секілді мысалдармен берілген. Мұндай шығармалар оқырманның өмірге деген көзқарасын, жақсы мен жаманды айыруға, сонымен қатар адам белгілі кейіпте сыртқы жақта қандай болатынын көрсетеді. Бұл арқылы қаламгер оқырманның ойын кеңейтіп, сүріп жатқан өміріне назар салуға үгіттейді. Т.Әбдіков өз шығармасында қостұлғалықты сөз етумен қатар, оқырманға психология жағынан да әсер ететін айтуға болады. Сонымен қатар, сол психологиялық ойларды оқушыға жеңіл түрде, қарапайым мысалдар арқылы жеткізумен бірге оқырманның ой өрісін кеңейткісі келіп, оқушыны терең ойға салдырады.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 9-том. Постмодернизм жөнінде бірер сөз. – Алматы: Жазушы, 2010. – 560 б.
2. Әбдікұлы Т. Парасат майданы: Таңдамалы. – Алматы: Раритет, 2012.
3. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 278 б.
4. Жарылғапов Ж. Постмодернизм қандай құбылыс? // «Қасым» республикалық әдеби-қоғамдық журнал, 2012. №3 (5). – Б.159-161.

ОӘК 82-31(574)

#### **МҰСТАҚЫМ МАЛДЫБАЕВ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ**

**Түсіпбекова Жанерке Рымбекқызы,**

**Түсіпбекова Гүлнұр Рымбекқызы**

[janerke\\_05@mail.ru](mailto:janerke_05@mail.ru)

№ 41 жалпы білім беретін орта мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пәнінің мұғалімі, Қарағанды, Қазақстан

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті көркемдің тәжірибені меңгерген дарынды қаламгерлерді жасаған, барлық жанрларды дамыған, сұлулық жүйесі қалыптасқан, биік эстетикалық деңгейге көтерілген маманданған өнер екенін тамаша туындыларымен әйгілеп берді. Қазақ әдебиетінің жан-жақты дамып, барлық жанрларда қарыштап өскен, ұлттың рухани сұрансына жауап берген бай-бағылан дәуірін тударған XX ғасыр қаламгерлері, олардың ғұмыры, тағдыры, шығармалары туралы бүгінге дейін айтылып келген пікір, талдау, зерттеу енді жаңа тұрғыда толығып, соны пайым, жинақтау тұжырыммен қоюлана түспек.

Алаш зиялылары отаршылдыққа қарсылық білдірді. Оған себеп қазақ халқының ауыр тұрмысы еді. А.Байтұрсыновтың өз тілімен айтса, Алаштың зиялылары “жұртым деп, халықтың арын арлады, зарын зарлады, халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғады.” Ол жалпыұлттық зар – отаршыл мемлекет тартып алған нулы, сулы ата қонысы, ана тілі, ұлттық ділі, ислам діні еді.

Қазағым елім,

Қайқайып белің,

Сынуға тұр таянып.

Талауда малың,

Қамауда жаның,